



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Бұрындары, қазақ халқы балаларын жаман әдеттерден тыю үшін би-шешендердің, молдалардың, әділ басшылардың көмегіне жүгінген. Мен жастарды мешіттердегі қызметкерлерге және имамдарға апарып, біраз рухани тәлім-тәрбие беріп отыру қажет деп ойлаймын. Жастардың дені интернетте және әлеуметтік желіде отырып, таныс емес адамдармен сөйлесіп, әр түрлі дәстүрлі емес ағымдарға кіріп кетуде. ҚР Прокуратурасының 2014 жылға жасаған мәлімдемесінде елімізде 2013 жылы діни секталарға, оның ішінде салафи ағымында «адасқандардың» 60 %-ы 21-29 жастағы тұлғалар екен. 2014 жылы қылмыс саны 50-ге жетіп, оның 15-не қылмыстық іс қозғалған. Анықталған деректер бойынша, Астана қаласындағы кәмелетке толмаған 15 бала діни сектаға алданып қалған [5]. Міне, осы мәселелердің алдын алу күн тәртібіндегі бірінші сұрақ болуы керек.

Еліміздің болашағы жас ұрпақтың қолында, бірақ біздің жастарымыздың дені соны айтса да, көп көңіл бөлмейді. Олардың зиян нәрсені мойындап тұрып, бәрібір оны қолданып жатқандары мені қатты қынжылтады. Ата-аналарына айтпай, өз өміріне зиянды заттарды тығылып, жасырынып қолданып жүрген жастарымыз қаншама. Ұлдарменен жарысып, қыздардың да, болашақ аналардың - темекі, арақ, энергетикалық сусындар қолданғандарын көрсем, жүрегім ауырады. Қазақстандағы темекі шегетін қыз балалар саны өткен жылдан 9,4% - ға артқан. Бәрінен де ел ордасы Астанада Бөгенбай батыр көшесіндегі «Көктем» сауда үйі мен Жеңіс даңғылындағы «Дәулет» сауда үйінің алдында «қыз керек пе?» деп жеңгетайлық жасап жүрген қазақ апайларды көргенде қызықтың көкесіне куә боласың. Өз жасындағы баланың ақыл айтқанын олар елеп те жатпас! Сондықтан біз олардың бесікен белі қатпай жатып, көп нәрсені талап етіп, бос уақыттарының болмауын қадағалауымыз керек. Балаларыңыз иманға келіп, намаз оқып, оразасын ұстап жатса, қарсы болмаңыздар, қорықпаңыздар! Абай атамыз айтады ғой, «балаларыңды жаңа нәрселерді көргенде оларға зиян болмаса, кедергі жасамаңдар, олардан кіндіктеріңді үзіндер». Көптеген ата-аналар балаларының Алланың жолына түскенінен қорқады. Жұмыс таба алмайсың, сені қоғам шеттеді деп оларды ниеттерінен қайтарады. Бұл, әсілінде, дұрыс емес.

Қорыта айтқанда, Алланың бізге берген барлық сыйлықтарын алып жатырмыз, олардың да қарымын қайтарып, дұрыс жолға түсейік. Жанымызда адасып жүрген достарымызға жол көрсетіп жүрейік. Алла Тағала адам бойына көптеген қуат көздерін дарытқан. Сол дене, жан, ақыл, рух қуаттылықтарыңыз мықты, әрі берік болсын!..

Қолданылған әдебиет

1. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы. Жұма мінбері. – Алматы.: Көкжиек, 2012, – 688 б.
2. www.astana.prokuror.kz/rus/novosti/press-releasy/press-reliz-o-profilaktike-prestupnosti-sredi-nesovershennoletnih
3. Құнанбаев А. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы.: «Ел», 1993. – 272 б.
4. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың ««Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 14. 12. 2012. http://www.strategy2050.kz/page/message_text/
5. <http://prokuror.gov.kz/rus/novosti/stati/vovremya-vstat-na-put-ispravleniya>

УДК 373.3:004

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Колганатова Айгерим Мейримжановна

ai-ko-me@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»

мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ф.Жұмабекова

Ел Президенті Н.Назарбаев «Қазақстан-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында барлық жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев Зияткерлік мектептерінің деңгейіне көтеру керектігін айқындады. Сонымен қатар, Ел басшысы оқушылардың білім алу нәтижесінде олардың сыни тұрғыдан ойлауы, өздігінен білім алуға, ақпаратты терең сараптама жасауға дағдылануына назар аударады.[1]

Қазіргі таңда еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты – ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Бұл мақсатты жүзеге асыруда инновациялық технологияларды пайдаланудың маңызы зор.

Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы педагогикалық инновация мен оқытудың жаңа технологиясы мәселелерін Ш.Т.Таубаева, С.Н.Лактионова, Е.З.Батталханов, Қ.Қ.Қадашева, Т.О.Балықбаев, Ж.А.Қараев, Г.К.Нұрғалиева, К.Бұзаубақова, С.Д.Мұқанова, Н.И.Хван, Л.Е.Румянцева, З.У.Имжарова, М.М.Мұқаметқалиқызы және т.б. педагог ғалымдар зерттеген. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беру үшін инновациялық технологияларды пайдаланудың ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеру маңызды мәселе болып табылады. Инновациялық үдерістерді зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу үдерісіне басшылық жасау мәселелерін зерттеу маңыздылығы алыс және жақын шетел ғалымдарының: К.Ангеловский, М.В.Кларин, В.Я.Ляудис, М.М.Поташник, С.Д.Поляков, Т.И.Шамова, О.Г.Хомерики, Н.Р.Юсуфбекова, В.И.Загвязинский, П.И.Пидкасистый, Н.И.Лапин, А.И.Пригожин, Ю.Н.Кулюткин, А.К.Маркова, Н.Д.Никандров, Я.А.Пономарев, В.А.Сластенин, Л.С.Подымова, Л.Н.Фридман т.б. еңбектерінде қарастырылған [2].

Инновация – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің, оқу – тәрбие үдерісін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан жаңа міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері ретінде пайдалану қажет. Инновациялық технологияларды қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда уақыт талабына сай пайдаланудың ерекшеліктеріне тоқталамыз.

Қазіргі кезеңде білім, ғылым саласында инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де оны тиімді пайдаланудың ерекшелігі *біріншіден*, баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуына үлес қосуға ықпал ету. Педагогикалық үрдісте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, әдістері, түрлері, мақсаты мен мазмұнын, педагог пен бала арасындағы ұйымдасқан іс-әрекетке жаңалық енгізуді білдіреді. Болашақ мамандардың балабақшада балалармен жұмыс істеуде инновациялық технологияларды тиімді пайдалану арқылы балалардың психологиясы мен педагогикасын, әдістемесін терең білуі - қазіргі заман талабына сай инновациялық қызметі болып есептеледі және ол педагогтарға нақты бір деңгейге жетуге көмектеседі. Нақтылап айтқанда балаға білім мен тәрбие беруді саналы-сапалы етіп қызығушылықтары мен танымдық көзқарастарын арттырады деп айтуға болады. Инновациялық технологияны оқу үдерісінде тиімді пайдалану балаға білім беруде белгілі бір мақсатқа жету, іс-әрекеттері арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттыра отырып, баланың жан-жақты дамуына және жаңалықты тез қабылдауына әсер ету [2].

XXI ғасыр - жаңа технология мен компьютер заманы. Соңғы жылдары біздің өмірімізге түбегейлі өзгерістер енгізілуде. Сонымен бірге педагогтың де рөлі өзгерді.

Екіншіден, педагогтарға қойылған талаптар да күшейді. Яғни, жоғарғы деңгейдегі жаңашыл ұстаз болуды талап етуде. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде инновациялық технологияны пайдалану балалардың дамуына да үлкен септігін тигізуде. Білім деңгейінің көтерілуі қоғамның жалпы әлеуметтік деңгейінің жоғарылауына мүмкіндік туғызады, демек білім сапасын көтеруге, жеке адамдардың қарым - қатынасын жетілдіруге, оның тиімділігін арттырудың жолдарын, технологиясын іздестіруді көздейді.

Бүгінгі білім беруді - инновациялық тұрғысынан қарастыру үшін бәсекелестік жағдайда

барлық оқыту-тәрбиелеу ұйымдарының үздіксіз дамуы мен қызметін жоғары дәрежеде жетілдіру қажеттігі артып отыр. Қазір қолданылып отырған білім беру жүйесінің жаңа типтерінің пайда болуы мен оны соңғы жағдайға сәйкес өзгерту, оқытудың әдісі мен амалдарын, үлгілері, мазмұнының жаңаруы өз кезегінде ғылыми идеялар мен психологиялық-педагогикалық теория негізінде жетілдірілген практикалық шешімдерге негізделуі керек.

Үшіншіден, арнайы әдебиеттерді сараптаудан көріп отырғанымыздай, инновациялық іс-әрекеттің педагогикалық мәні, оны қалыптастыру шарты мен мамандар дайындығына деген ықпалы толық ашылмаған, жалпы білім беретін балабақша тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке дайындық ерекшелігі жете зерттелмегендігі байқалып отыр. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәжірибе көрсетіп отырғандай, білім берудің көптеген инновациялық технологияларды тәжірибеде пайдалану жеткіліксіз. Сонымен қатар дамыған қоғамда мынандай заңдылықтар әрекет етеді: жаңашылдар мен жаңалық енгізушілер неғұрлым көп болса, соғұлым шығармашылық бастамасы адам бойында айқын көрініс табады. Мақсатты түрде педагогикалық ұйымдасқан инновациялық іс-әрекетті қажет ететін жұмыста жоғарыда көрсетілгендердің барлығы ғылыми ойлаудың қажеттілігін айқындайды. Бүгінгі таңда қоғам сұраныстарына сәйкес мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңаша бағытта уақыт талаптарына сай құру көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр.

Төртіншіден, мектепке дейінгі білім беруді инновациялық тұрғыдан қарау, озық іс – тәжірибелер мен идеяларды насихаттау қажеттілігі туындауда. Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық білім беруді енгізуде бірқатар маңызды мәселелерді ескеру шарт. Олар: инновациялық бағытты дұрыс таңдай білу; инновациялық іс-әрекеттің тұжырымдамасы мен бағдарламасын жасау; инновациялық жобаны жүзеге асырудың тиімді жолдарын анықтап, жағдай жасау; инновациялық іс-әрекетті дұрыс жүргізу үшін қажетті құжаттарды кәсіби сауаттылық тұрғысынан дайындап алу; Инновациялық іс-әрекеттің бағытын таңдау. Педагогтар мен мамандардың кәсіби дамуына баса назар аудару қажет. Мектепке дейінгі ұйымдарды басқаруды жетілдіру керек. Инновациялық іс-әрекет бағдарламаларын жасау қажеттілігі туындайды. модификациялық – бұл белгілі бір бағдарламаларды (әдіс-тәсілдерді) жетілдіру, тиімділігін айқындау, өзгерту, өңдеу, толықтыру бағытында жүргізіледі. Мұнда педагогикалық тәжірибеде қолданылған іс – әрекеттің жетістіктері тиімділік тұрғысынан қарастырылады. [2]

Бесіншіден, инновациялық технологияны пайдалану арқылы келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті деп есептейміз. Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру - басты мәселенің бірі. Педагогикалық технологиялардың тиімділігі төмендегідей авторлардың еңбектерінде көрсетілген: «Дамыта оқыту» (Л.С.Выготский, Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов); Ынтымақтастық технологиясы (Ш.Амонашвили) «Ойын арқылы оқыту» технологиясы (В.Селевко); Проблемалап оқыту (И.Махмудов); коммуникативтік технология жүйесі (В.Ф.Шаталов, Е.Н.Ильина, Н.А.Зайцев, А.А.Окунев); Оздыра оқыту технологиясы (С.Н.Лысенкова) т.б. [2]

Білім берудің алғашқы деңгейлері балабақшадан басталмақ. Мектепке дейінгі білім – балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Кез келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірнеше түріне тоқталайық. Мектепке дейінгі ұйымдардың тәжірибесінде пайдаланылып жүрген инновациялық технологиялар: білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, жобалау технологиясы, зерттеу іс-әрекеті (қарапайым тәжірибе жасау), АРТ терапия, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, инклюзивті білім беру, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б.

Ойын арқылы оқыту технологиясы. Мақсатты бағыттары: дидактикалық: өренің

(кругозор) кеңеюі, танымдық қызмет, практикалық қызметте қажетті керекті білім және дағдының қалыптасуы. Тәрбиелеушілік: өзбетінділікке, еркіндікке тәрбиелеу, ынтымақтастыққа, ұжымшылдыққа, коммуникативтілікке тәрбиелеу. Дамытушылық: көңіл бөлуді, есте сақтауды, сөз қорын, ойлауды, салыстыру дағдыларын, сәйкестендіруді, аналогияны табуды, қиялды, шығармашылық зейіндерді, оқу қызметтің мотивациясын дамыту. Қоғамдандыратын: қоғам құндылықтары мен нормаларына үйрету, қоршаған орта жағдайларына бейімдеу, қарым-қатынасқа үйрету. Концептуалдық жағдайлары: ойын – қиялдағы тұлғаның еркіндігі, бала ойындарының мазмұны ойындардан дамиды, мектепке дейінгі жастың негізгі әрекеті – ойын. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын - балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады. Ойын-әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады [3].

Дамыта оқыту технологиясы - баланы оқыта отырып, дамыту. Бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б. қасиеттерді дамыту. Бұл мақсатты жүзеге асыруда мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі-мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс-әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді.[3]

Балабақша баласына мультимедиялық оқулықтар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік алады. Мультимедиялық оқулықтар балабақшада балаларға арналған таптырмас құрал болып табылады. Өйткені, балалардың зейіні әр түрлі әдемі түстерге, ойыншықтарға, әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады. Мультимедиялық электронды оқулықтар бала үшін де, тәрбиеші үшін де күнде дамытылып отыратын анық түрдегі әдістемелік жүйе болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ақпараттық қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсаты - баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Заман талаптарына сай мектепке дейінгі мекемелерде АКТ оқыту процесінде кеңінен пайдаланады. Түрлі танымдық салаларына арнаулы компьютерлік бағдарламалар құрылуда. Баланың жас ерекшелігіне және пайдаланатын компьютерлік бағдарламаларға сай интерактивті тақта ойындағы баланың оппоненті, бағдарлаушы (әңгімелеуші), жаттықтырушы, емтихан қабылдаушы болуы мүмкін. Оқытуда балалардың түрлі психикалық функцияларын дамытуға арналған пайдаланатын компьютерлік құралдар бар: олар көру, есту арқылы қабылдау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлау т.б.

Проблемалық оқыту технологиясы - баланы өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Яғни, балалардың белсенділігі арттыру, оқу материалына баланы қызықтыратындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру

мақсатында меңгереді, бала оқытуды өмірмен және еңбегімен байланыстырады.

Ынтымақтастық педагогикасы-педагогтың талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшуі. Балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі: тәрбиеші-бала, бала-тәрбиеші, бала-бала, яғни бала да тәрбиеші де субъектілер болып табылады. Сонымен қатар, баланың жеке басына ізгілік қарым-қатынас, бала мен тәрбиеші арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым-қатынас жасау.

Бұл технологияның негізгі мақсаты-баланы азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату [3].

Модульдік оқыту технологиясы-оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру. Балалармен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын-алу және түзету жұмыстарының жүйесін құру.[3]

Қорытындылай келетін болсақ аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Қолданылған әдебиет

1. «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жыл
2. Ф.Н.Жұмабекова, А.Ж.Салиева., т.б. «Мектепке дейінгі білім беру мамандарын даярлауда инновациялық технологияларды пайдалану» Дөңгелек үстел материалдар жинағы. Астана. 2013. 200 б.
3. К.Ж.Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. Оқулық.Тараз. Тар МУ.2003.

УДК 37.013.42

БОЛАШАҚ МАМАНДЫ ЖЕТІМ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДАУ

Қойшыбайқызы Ақбантук

akbantik@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: Асылбекова М.П.

Болашақ әлеуметтік мамандарды жетім балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмысқа дайындау сұрақтарын қарастыру барысында жалпы кәсіби дайындық мақсаттарын құрастыру және оны жүзеге асырудың негізгі тәсілдерін бөліп көрсету қажет.

Болашақ әлеуметтік мамандардың кәсіби қалыптасуы және оларда білім, шеберлік және икемнің қалыптасу жүйесі көптеген ғалымдармен зерттелді.

Осы орайда, Н.В. Кузьмина «педагогикалық қызмет жалпы адамдық сипатта болады, сондықтан педагогикалық ептілік пен икем, педагогикалық қызмет түрткісі және педагогикалық қабілеттілік, ұстаздың бүкіл тұлғасы тек кәсіби-педагогикалық қызметте ғана емес, жалпы педагогикалық қызметте қалыптасады... Кез-келген педагогикалық оқу орнының мақсаттарының бірі болып барлық болашақ мамандардың педагогикалық бағыттылықтары және педагогикалық қабілеттіліктерін қалыптастыру болып табылады» [1].

А. Абдуллинаның ойы бойынша «педагогикалық қызметке дайындық ерекшелігі студенттің институтты бітіре салысымен тәрбие жүйесінің дербес ұйымдастырушысы